

"Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Жалағаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 1 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 125 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 02 шілдеде № 5040 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 наурыздағы № 63 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 24.03.2016 № 63 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

“Нормативтік құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

“Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 1 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10-6-203 болып тіркелген, 2012 жылы 25 ақпанда “Жалағаш жаршысы” газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

“2. “Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.”.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

Т.Дүйсебаев